

Қазақстан Республикасы Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінің кейбір мәселелері

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 23 ақпандағы N 165 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Саны 5 адамнан тұратын Қазақстан Республикасы Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігінің Ақпарат және мұрағат комитетін (бұдан әрі - Комитет) 2005 жылғы 1 наурызға дейін Алматы қаласынан Астана қаласына көшіру туралы Қазақстан Республикасы Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігінің ұсынысына келісім берілсін.

2. Қазақстан Республикасы Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігі:

1) Комитеттің орталық аппаратының қызметкерлерін көшіру мен орналастыру және осы мақсатқа республикалық бюджеттен бөлінген қаржы қаражатын толық көлемде игеру жөніндегі қажетті ұйымдастыру іс-шараларын жүргізісін;

2) Комитеттің көшірілген қызметкерлеріне Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес шығыстар өтемақысын төлеуді жүзеге асырсын.

3. Комитеттің қызметкерлеріне тұрғын үй беру және оны сатып алу Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 22 сәуірдегі N 377 - 26 қбпү және 1998 жылғы 3 тамыздағы N 736 - 56 қбпү қаулыларына сәйкес жүзеге асырылсын.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі